

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясының 1-11 сыныптарына арналған ата-аналар жиналысының өткізілуі

Хаттама №7

Күні: 24.04.2026ж.

Уақыты: 18.00-19.00

Өткізілу орны: АКТ залы

Қатысушылар: 9, 10, 11 сынып ата-аналары, сынып жетекшілері, әкімшілік

Күн тәртібінде:

1. III-оқу тоқсаны бойынша қорытынды- 1-11 сынып жетекшілері
2. Жазғы демалысы кезінде оқушыларды мектеп жанындағы лагерге қамту туралы- 1-11 сынып жетекшілері;
3. Оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу- 1-11 сынып жетекшілері;
4. 9,11- сыныптарына арналған мемлекеттік қорытынды аттестаттау- Г. Ережепова оқу ісі жөніндегі орынбасары;
5. 9, 11-сынып бітірушілерінің оқу жылын қорытындылау, заңсыз ақша жинауға тыйым салу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы- Г. Оналбаева тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары .

Тыңдалды:

1. Ата-аналар жиналысы 2 бөлімнен ұйымдастырылды. 1-ші бөлім 1-11 сыныптар бойынша сынып жетекшілері күн тәртібі негізінде сұрақтармен таныстырды.
 - III-оқу тоқсаны бойынша қорытынды- 1-11 сынып жетекшілері
 - Жазғы демалысы кезінде оқушыларды мектеп жанындағы лагерге қамту
 - Оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу- туралы таныстырылды. Сынып оқушыларының мектеп формасын сақтауы, сабақтан себепсіз қалмауы, мектептің ішкі тәртіп ережесі мен қауіпсіздік жәғне құқық бұзушылықтың алдын алу туралы түсіндірілді.
2. 9, 11- сынып оқушылары мен ата- аналары үшін Астана қаласының арнаулы орта және жоғары оқу орындарынан келген мамандарынан кәсіби бағдар беру көрмесі ұйымдастырылды.
3. Профориентациялық жұмыстың маңыздылығы туралы 2026 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу жаңалықтары: грантқа түсу мүмкіндіктері. Грант түрлері мен квота жайында 9-11 сынып оқушыларына мамандық таңдау бағытын анықтау мақсатында AIRPROV AKADEMY тәжірибелі профориентолог, грант аналитик, кәсіби бағдарлаушы Айкүміс Аманбай және академия мүшесі, қоғам белсендісі Жазира Жалғасбековна түлектерге арналған оқу орындарына грант таңдау туралы мағлұмат және кеңес берді.
4. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары *Ережепова Г.Е.* 9,11- сыныптарына арналған мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша мемлекеттік емтихандарды таныстырды.
9 - сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында; 11 - сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2 маусымнан бастап 15 маусым аралығында.

9 - сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі пәндерінен (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2026 жылғы 8 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым;

11 - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі пәндерінен (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым

5. 9, 11-сынып бітірушілерінің оқу жылын қорытындылау, заңсыз ақша жинауға тыйым салу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева түсіндіріп өтті.



Шешім:

1. III-оқу тоқсанындағы білім сапасының қорытындысы бойынша білімдегі кедергілермен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру оқу ісі орынбасарларына тапсырылсын.

2. Жазғы демалысы кезінде 1-10 сынып оқушыларын мектеп жанындағы лагерге қамтуды сынып жетекшілері ата-аналарына ақпараттық жұмыстар жүргізілсін.

3. Оқушылардың қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы 1-11 сынып жетекшілері сынып сағаттарында, күнделікті сабақ кезеңдеріне түсіндіру жұмыстарын өткізіп отыру.

4. 9,11- сыныптарына арналған мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша оқушылардың дайындық жұмыстарын үйлестіру оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Ережеповаға тапсырылсын.;

5. 9, 11-сынып бітірушілерінің оқу жылын қорытындылау, заңсыз ақша жинауға тыйым салу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы 9, 11 сыныптың жетекшілері және ата-аналарын ақпараттандыру және келеңсіз жағдайлардың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Г. Оналбаева, К. Сулекеевке тапсырылсын.



Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева